



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№39 (1905) 24 ҚАЗАН 2023 ЖЫЛ

Бейжіңде әл-Фараби бюсті ашылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында орта ғасырлық философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған бюсті салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты.



Ашылу рәсіміне ҚХР білім министрінің орынбасары Ван Гуанянь, университеттің Партия комитетінің хатшысы Ни Хайдун, ректоры Дуан Пэн және Мемлекет басшысына сабақ берген университет профессоры Лю Шицинь, ҚХР Мемлекеттік өнер мұражайының директоры, мүсін авторы У Вэйшань, сондай-ақ қазақстандық делегацияның құрамында барған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев та қатысты.

– Баршаңызға мәлім, әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі орасан зор. Әл-Фараби Қазақстан аумағында туып-өсті, білім іздеп көптеген елге барды. Математика,

жаратылыстану, астрономия, филология және басқа да бірқатар ілімді дамытуға зор еңбек сіңірді. Адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол философиялық туындыларында әділдік идеясына ерекше назар аударды. Қайырымды қоғам және үйлесімді мемлекет құру мәселесіне баса мән берді, – деді Президент Қ.Тоқаев.

Президент Бейжің лингвистикалық институтында тағылымдамадан өткен кезінде өзіне дәріс берген профессор Лю Шициньмен де әңгімелесіп, оған зор денсаулық пен ұзақ өмір тіледі.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Азаттық рухын айшықтаған күн



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттері!

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен еліміздің Ұлттық мерекесі қатарына қайта қосылған бұл күннің еліміз үшін маңызы зор. Президенттің бұл бастамасы халықтың кең қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгерістер енгізілді. Азаттық рухын айшықтаған, ел тарихында ерекше орны бар бұл мейрамды биыл екінші рет ел болып жаңа мазмұнда атап өтудеміз. Осыдан 33 жыл бұрын 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Егемендік туралы» Декларация қабылданды. Бұл Қазақстан Тәуелсіздігінің алғышарты болған тарихи құжат.

Бүгінде елімізде Жаңа, Әділетті Қазақстан қалыптастыруда маңызды қадамдар жасалуда. Ел Президенті «Адам мемлекет үшін емес, мемлекеттің игілігі адам үшін» қағидасын ұстанып, саяси-экономикалық, құқықтық, әлеуметтік реформаларды іске асырды. Әлемдегі сын-қатерлерді ескере отырып еліміз ұлттық құндылықтарын жаңғыртып, жаңа бағытта дамуға бет бұруда. Бұл бағытта білім, ғылым саласына үлкен жауапкершілік артылуда. Біздің басты мақсатымыз – Жаңа Қазақстанның білімді, әділетті, еңбекқор жастарын тәрбиелеп, ел болашағына қызмет ететін бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Көшбасшы университетіміз ұлы мақсаттарды еңсеріп, межелі белестерді бағындыра берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, білім, ғылым жолында мол табыстар тілеймін! Халқымыздың еңсесі биік, еліміздің іргесі бүтін болсын!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ұлттық мерекеге орай қызметкерлер марапатталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күні Ұлттық мерекесіне орай салтанатты шара өтті.

«Сіздерді Республика күні – Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл күнге Ұлттық мәртебе берді. Осыдан 33 жыл бұрын – 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Егемендік туралы» Декларация қабылданды. Бұл – Қазақстан Тәуелсіздігінің алғышарты болған тарихи құжат», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Шара барысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, әкімшілік және конституциялық құқығы кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Үсейінова «Бірлік» алтын медалімен, «Парасат» кәсіподағының Төрағасы Талғат Ме-



кебаев «Жомарт жан» төсбелгісімен марапатталса, Мемлекет басшысының Алғыс хатымен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қансейіт Әбдезұлы марапатталды.

Мерекелік кеште оқытушыларға ҚР Ғылым және жоғары білім минис-

трінің Алғыс хаты, Ректор Жансейіт Түймебаевтың Құрмет грамотасы және Алғыс хаты табыс етілді. Сонымен қатар университеттің бірқатар ұстаздары мен қызметкерлері «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



**Қазақстан
на пути
устойчивого
развития**

2 >>



**Тәуелсіздік
жолындағы
тұңғыш
қадам**

4 >>



**Әсет БОЛАТОВ:
Ғылымға
құштарлығымды
айналама сездіргім
келеді**

5 >>

Ровно 33 года назад постановлением Верховного Совета КазССР была принята Декларация о государственном суверенитете КазССР. Обретя независимость, мы начали строить новую страну и добились экономического, политического, правового и социального прогресса.

В преддверии Дня Республики своими мыслями о становлении независимости, итогах и перспективах развития страны делится Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит ТУЙМЕБАЕВ.

– За годы независимости мы, казахстанцы, состоялись как единая нация. Жансеит Кансеитович, чем Вы особенно гордитесь в эти дни?

– Я живу в этой стране, и не могу не видеть, как она преобразилась за годы независимости, сколько позитивных изменений произошло. На мой взгляд, Казахстан доказал свою способность мирно перейти от советского наследия к построению демократической правовой государственности.

Наша страна проявила себя в качестве активного участника международного сообщества, что обеспечило стране международное признание. Казахстан взял на себя ответственность за решение глобальных проблем, таких как ядерное разоружение, устойчивое развитие и мирное разрешение конфликтов.

Отдельно хотел бы отметить многонациональный и мультикультурный контекст: Казахстан является домом для многих народностей и культур. Мы гордимся нашими традициями и толерантностью, языками и религиями, которые сосуществуют в мирной гармонии. Это наше богатство и источник нашей силы.

Немало сделано и в области развития образования и науки. Сегодня в нашей стране созданы сильные университеты и исследовательские центры, которые активно участвуют в международных научных исследованиях. Мы гордимся нашими молодыми учеными и интеллектуальным потенциалом нашей страны.

– Какие достижения за годы Независимости Вы бы выделили особо?

– За три десятилетия суверенной государственности Казахстан многого добился. Хочу остановиться на нескольких, на мой взгляд, важных моментах. В первую очередь, это энергетическая независимость: Казахстан стал одним из крупнейших производителей и экспортеров нефти и газа в Центрально-азиатском регионе. Активно развивалась инфраструктура: было построено много новых дорог, аэропортов, портов, железных дорог, расширена энергетическая инфраструктура, что помогло улучшить условия жизни граждан и стимулировать экономический рост.

Очевидно, что Казахстан сумел сохранить и относительную стабильность во время глобальных экономических кризисов.

Безусловно, что страна активно инвестирует в образование и науку, стремится к повышению качества высшего образования и научных исследований. За годы суверенитета были проведены реформы в системе образования.

Казахстан успешно развивает свою внешнюю политику и международные отношения, принимает активное участие в международном сотрудничестве.

Страна достигла значительных успехов в сфере социальной защиты и обеспечения благосостояния граждан. Введены различные программы по борьбе с бедностью,

поддержке семей и детей, укреплению здоровья и социального благополучия.

Мы встали на путь строительства нового, справедливого Казахстана. Реализуя стратегию нашего Президента Касым-Жомарта Токаева, подчеркнувшего: «Мы строим Справедливый Казахстан с открытой конкуренцией и равными возможностями для каждого».

– Сила государства – в доверии к нему мирового сообщества. В Казахстане за годы независимости вложили свои средства компании более 60 стран мира. Это касается экономики. А какие примеры Вы бы смогли привести в области политики, здравоохранения, образования, культуры и спорта?

– Казахстан является активным участником международных форумов и организаций, таких как ООН, ОБСЕ, ШОС и других. А также инициатором создания Евразийского экономического союза.

В сфере здравоохранения наша страна активно сотрудничает с международными организациями, такими как Всемирная организация здравоохранения, для борьбы с распространением инфекционных заболеваний и улучшения медицинского обслуживания населения.

Активно развивая образование, Казахстан акцентирует внимание на сотрудничестве со странами-партнерами в обмене знаниями и опытом. Программа «Болашак» предоставляет стипендии казахстанским студентам для обучения за рубежом, а также привлекает зарубежных студентов для обучения в казахстанских вузах.

В культурном пространстве нашей страны проводятся международные фестивали и выставки, которые привлекают участников и зрителей со всего мира.

Спорт наша республика развивает, являясь постоян-



Казахстан на пути устойчивого развития

ным участником международных соревнований, в том числе Олимпийских игр. Казахская команда постоянно достигает высоких результатов в различных видах спорта, таких как бокс, тяжелая атлетика, реслинг, конный спорт и многих других.

Эти примеры наглядно показывают, что наша страна активно интегрируется в мировое сообщество и проявляет себя как надежный и ответственный партнер в различных областях международного сотрудничества.

– Как Вы оцениваете сегодняшнюю ситуацию в мире, и, в частности, отношения с нашими соседями и стратегическими партнерами?

– Сегодняшняя ситуация в мире сложна и изменчива. Наша страна является членом многих международных организаций и активно участвует в международных инициативах, в частности, в Конференции по мерам доверия и безопасности в Азии (СВМД). Это свидетельствует о стремлении Казахстана играть активную роль в решении глобальных проблем и развитии взаимовыгодного партнерства с другими странами.

– На сегодняшний день, для всех членов бывшего Союза, актуальны развитие сотрудничества в области миграционной политики, транспортных коммуникаций, научно-образовательной сферы, борьбы с трансграничной преступностью. Что было сделано, на ваш взгляд, за годы независимости, и что предстоит еще сделать?

– За годы суверенитета Казахстан улучшил процессы регулирования миграции и упростил процедуры получения разрешений на работу для иностранных работников. Были заключены межправительственные соглашения о

трудовой миграции, что способствовало укреплению связей с другими странами и привлечению в страну дополнительной рабочей силы.

Большое внимание уделяется модернизации железнодорожной сети, развитию автомобильных дорог и расширению международных перевозок. Наша страна является стратегическим транзитным пунктом на Великом шелковом пути и активно работает над привлечением инвестиций в разные отрасли.

Как я уже отмечал, в научно-образовательной сфере Казахстан прилагает усилия для совершенствования всей системы высшего образования и научных исследований. В стране созданы инновационные центры и научные парки, проводятся международные конференции и форумы. Казахстан ставит перед собой задачу стать региональным центром научно-технического развития.

В борьбе с трансграничной преступностью Казахстан активно сотрудничает с другими странами, особенно в рамках Евразийского экономического союза и Шанхайской организации сотрудничества. Казахстану необходимо продолжить совершенствование миграционной политики, в том числе развитие программ интеграции и адаптации для мигрантов.

– Очевидно, что успех любой страны возможен в условиях безопасности и стабильности. Какие прогнозы у Вас по этому поводу?

– Казахстан ведет мирную внешнюю политику и стремится к укреплению сотрудничества в различных областях: от экономики до безопасности. Наша страна активно участвует в международных инициативах по содействию безопасности, включая борьбу с терроризмом, наркотиками и трансграничной преступностью. Это позволяет стране эффективно справляться с

вызовами и поддерживать стабильность внутри своих границ. Страна активно реализует программы модернизации правоохранительной системы, повышения профессиональной подготовки сотрудников правоохранительных и специальных органов.

Но при этом нужно понимать, что безопасность и стабильность – это процессы, требующие постоянного внимания и усилий со стороны государства.

– Как известно, у конкурентоспособности появились свои измерения: акцент делается на переход глобальной экономики к новому качеству – «экономике знаний», что предполагает высокий уровень образования в стране. Какую оценку Вы бы дали системе образования нашей страны? Что еще не успели сделать за годы независимости?

– Система образования играет ключевую роль в формировании конкурентоспособности страны в современном мире, особенно в переходе к «экономике знаний». Казахстан проделал значительные усилия для развития системы образования. В это время я возглавлял министерство образования и приложил все усилия, чтобы внести ряд позитивных изменений. Были проведены реформы, направленные на повышение качества образования и модернизацию учебных программ. Введение трёхязычного образования (казахский, русский и английский) в школах страны также дает возможность школьникам и студентам получить более широкие языковые компетенции.

Кроме того, Казахстан, как я уже отмечал, активно инвестирует в развитие высшего образования. В стране открыты новые вузы и филиалы зарубежных вузов, расширяются возможности для исследо-

ваний и инноваций. Более того, у нас разработаны программы, направленные на стимулирование учебной активности и развитие талантов молодежи.

Однако, есть еще некоторые вопросы, которые нужно решить. Например, качество образования по-прежнему требует дальнейшего улучшения. Важно обеспечить актуализацию учебных программ, повысить профессиональную подготовку преподавателей и совершенствовать методы обучения.

Также, необходимо уделить пристальное внимание научным исследованиям. Развитие научных исследований и инноваций поможет стране создавать и развивать собственные новые технологии, что является ключевым фактором конкурентоспособности в современной экономике знаний. Кроме того, важно развивать систему профессионального образования и обучения, которая подготовит кадры, отвечающие требованиям рынка труда и способные успешно применять свои знания и навыки. Необходимо продолжать реформы, инвестировать в развитие образования и учиться на опыте других стран для достижения более высокого уровня образования в Казахстане.

– Если подвести итоги вышесказанному, с какими плюсами мы пришли к сегодняшней дате?

– Главный плюс – экономический рост: за годы независимости Казахстан достиг значительного экономического роста. Были реализованы программы индустриальной и сельской модернизации, привлечены иностранные инвестиции, развиты различные секторы экономики, такие как нефтегазовая промышленность, горнодобывающая отрасль, транспорт и туризм.

Второй плюс – макроэкономическая стабильность: важным достижением является поддержание макроэкономической стабильности, контроль инфляции и поддержание устойчивости национальной валюты.

Третье – развитие инфраструктуры: были проведены крупные инвестиции в развитие инфраструктуры страны, такие как строительство дорог, аэропортов, железных дорог, промышленных зон и жилья. Это способствовало улучшению мобильности, повышению качества жизни и поддерживало экономический рост.

Четвертое – укрепление международной позиции: Казахстан активно развивал внешнеэкономические связи, вступил во множество международных организаций и инициировал ряд международных инициатив (например, создание Евразийского Экономического Союза). Это укрепило позицию страны на международной арене и способствовало притоку иностранных инвестиций.

Важно отметить, что Республика Казахстан проделала значительный путь развития суверенитета, и многие достижения и улучшения требуют времени и постоянных усилий для их реализации.

Светлана УМЫРГАЛЕЕВА

Қытай университеттерімен серіктестік нығаяды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында ғылым, білім саласындағы серіктестікті дамыту мақсатында Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың ЖОО басшыларымен бірқатар келісімдер жасады.



Аталған халықаралық келісімдер негізінде ҚазҰУ мен Бейжің мұнай университеті энергетика саласында бірлесіп ғылыми кадрларды дайындайтын болады. Келісімнің мақсаты – энергетика секторында индустрияны бірлесіп дамыту және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін «Бір белдеу, бір жол» қауымдастығын құру.

Сондай-ақ келісім аясында Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ

мен Бейжің шет тілдері университеті академиялық ұтқырлық бойынша оқытушылар мен студенттерді алмастыру жұмыстарын жандандырмақ.

ҚазҰУ мен Қытай университеттері арасында белсенді академиялық ұтқырлық бар. 2019-2023 оқу жылында ҚазҰУ-дың 79 студенті (докторантура, магистратура, бакалавриат бағдарламалары бойынша) ғылыми тағылымдамадан өтті

және Қытай университеттеріндегі жазғы мектептерге қатысты. Сондай-ақ 37 оқытушы білімдерін жетілдіру мақсатында ҚХР университеттерінде ғылыми конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасты.


Бүгінгі таңда ҚазҰУ-да 409 қытайлық студент білім алуда, оның 94-і мемлекеттік білім грантында, 315-і келісімшарт бойынша.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары барысында Бейжің Тіл және мәдениет университетінің Президенті Дуань Пэнмен жүздесіп, өзара түсіністік туралы келісімге қол қойды. Сондай-ақ ректорлар екі университетке ортақ Қазақ зерттеу орталығының ашылу рәсімін өткізді.

Кездесу барысында университет ректоры қытайлық әріптестерге ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы мәлімет беріп, ҚазҰУ мен Қытай жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Өз кезегінде Бейжің Тіл және мәдениет университетінің Президенті Дуань Пэнмен алдағы уақытта қазақ-қытай арасындағы стратегиялық қарым-қатынас одан әрі бекіп, білім мен ғылым салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық

Көрші елде Қазақ зерттеу орталығы іске қосылды



жаңа деңгейге көтерілетініне сенім білдірді.

Кейін ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Бейжің шет тілдері университетінің Президенті Ян Данымен келіссөз жүргізіп, академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында меморандумға қол қойды.

Сондай-ақ Жансейіт Қансейітулы Бейжің мұнай университетінің Президенті Ву Сяолинмен жүздесіп, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісімнің мақсаты

– энергетика секторында индустрияны бірлесіп дамыту, энергетика саласында бірлесіп ғылыми кадрларды дайындау және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін «Бір белдеу, бір жол» қауымдастығын құру. Бұл аталған келісімдер Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген болатын.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Бішкектегі филиал студенттеріне кампус-тур ұйымдастырылды

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Бішкек қаласындағы (Қырғыз Республикасы) филиалында оқитын студенттер үшін Алматыда, ҚазҰУ қалашығында кампус-тур ұйымдастырылды.



Сапар аясында филиалда оқитын 250 студент университет мұражайына, Студенттер сарайына, «Керемет» СҚО-ға барып, ҚазҰУ факультеттерімен және кампусымен танысты. Қонақтар үшін салтанатты

қабылдау және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

«Біз студенттерді Бішкектен арнайы Алматыға әкелдік.

Жастарымыз ҚазҰУ қалашығын өз көздерімен көріп, университеттің заманауи инфрақұрылымымен танысып,

Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (APTA) жүргізген «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» 2023 университеттердің халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Украина, Әзірбайжан және Молдова ЖОО арасында бірінші және үздік университет және танылды.

ҚазҰУ – халықаралық рейтингте көшбасшы



Қазақстан	Қытай	Ресей	Украина	Беларусь	Әзірбайжан	Молдова
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12		

Көшбасшылар үштігіне Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы университеті және Ош мемлекеттік университеті кірді.

IAAR EUR халықаралық рейтингі төрт индикатор негізінде жоғары оқу орындарын рейтингтейді: оқу сапасы (20%), жоғары оқу орнының ғылыми әлеуеті (30%), жоғары оқу орнын халықаралық тану (20%), жоғары оқу орнының академиялық беделі (30%).

IAAR EUR халықаралық рейтингін IAAR әзірледі және жоғары оқу орындары қызметінің сапасын жан-жақты бағалауға бағытталған, IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) рейтингтерін құрудың халықаралық әдіснамалық стандарттарын, эмпирикалық зерттеулер жүргізу стандарттарын ескереді және жоғары оқу орындарының жаңандық білім беру және әлемдік зерттеу кеңістігіне интеграциялануына ықпал етеді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Ел тарихының Тәуелсіздік кезеңіне жол салып берген, Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамға құқықтық негіз болған Тәуелсіздік туралы Декларацияның қабылданған күні – 25 қазан маңызы зор, ерекше тарихи күн. Алғаш рет бұл айтулы күн 1992 жылы Республика күні ретінде ресми атап өтіле бастады да, 2001 жылдан бастап мемлекеттік мерекелік күндер қатарына енгізілді. Ал 2009 жылғы «Мерекелер туралы» заңда ол күн ешбір себепсіз алынып тасталды.

Осыған байланысты 2022 жылдың 16 маусымында Ұлытауда өткен Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген еді: «...Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Ұлттық ме-

құрбандарын еске алу үшін үнсіз орындарынан тұруды және сол оқиғаға қатысты съездің шешімімен комиссия құруды ұсынғаны есімізде. Одан кейін сөз алаған барлық депутаттар өз аймақтарындағы әртүрлі проблемаларды айтып жатты. 1986 жылғы желтоқсан



астам уақыт бойы жұмыс істеген С.Зиманов комиссиясы Декларацияның соңғы жобасын Жоғары Кеңеске 15 қазанда ұсынды.

Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүреді. Талқылау барысында арнайы жұмыс тобының мүшесі, белгілі заңгер-академик, тағы бір ұлтжанды азамат, депутат Сұлтан Сартаев өте белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауаптар бере отыра, «Егемендік туралы Декларацияның басты ұстанымы мен баптарын қорғауда белсенділік көрсетеді. Сондай-ақ ұлтжанды депутаттар – зиялы қауым өкілдері, әсіресе, қоғамдағы беделі өте зор академиктер басқа депутаттар арасында түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізді. Осылайша, ел тағдыры үшін аса маңызды құжаттың қабылданылуы күрделі жағдайда өтеді. Сөйтіп, 1990 жылдың 25 қазаны күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғары Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыс беру қорытындысы бойынша Декларацияны 261 депутат қолдап, 18 депутат қарсы дауыс береді, 2 адам қалыс қалса, 1 адам мүлде дауыс бермейді. Осылайша, Қазақ КСР-і Одақ құрамындағы республикалар арасында 14-ші болып егемендік туралы Декларациясын жария етті.

Қабылданған Егемендік туралы Декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатындығы айтылды. Сондай-ақ Декларацияда Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі Қазақстан халқы деп жарияланды. Сонымен бірге бұл маңызды құжатта Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімінсіз оны ешкім пайдалана алмайды делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінеуіндігі – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіндігі жария етілді. Сонымен бірге Қазақ КСР аумағында Ата Заң мен ел заңдарының үстемдік құратындығы, ел аумағындағы ұлттық байлыққа республиканың дербес меншігі болатындығы, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект болатындығы және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтындығы, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің елтаңбасы, туы және әнұраны болатындығы мәлімделді.

Арада 1 жыл және 1,5 ай өткеннен соң Қазақстан Республикасы егемендік туралы Декларацияны негізге ала отыра, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ Елінің Тәуелсіздігі туралы Заңды қабылдады. Сөйтіп, егемендік Декларациясы ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналады. Сол себепті де осы құжат қабылданған күн – 25 қазан ел тарихындағы аса маңызды тарихи күн және ұлттық мереке – Республика күні болып саналады. Мереке құтты болсын!

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадам

режелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізілген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек». Сөйтіп, Құрылтай шешімін жүзеге асыру мақсатында Ел Президенті 2022 жылдың 29 қыркүйегінде қол қойған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңның 2-ші бабында «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке – 25 қазанда атап өтілетін Республика күні болып табылады» деп айрықша атап көрсетілді.

Енді осы Ұлттық мерекенің пайда болуы мен маңызына тоқталсақ.

1990 жылдың дәл осы күні Алматы қаласында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 12-шақырылған күзгі мәжілісінде – «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» деп аталатын аса маңызды тарихи құжат қабылданған еді. Бұл құжат – біріншіден, сол тұстағы Кеңестер Одағындағы қалыптасқан ішкі қоғамдық-саяси өмірдің айнасы болса, екіншіден, Қазақ КСР-нің болашағын айқындап көрсеткен құжат болып саналды. Құжаттың пайда болу тарихы былай қалыптасып еді. 1985 жылы наурыз айында КСРО атты алып империяның КОКП-ның Бас хатшысы боп сайланған М.С.Горбачев, сол жылы сәуір айында экономиканы қарқынды түрде дамыту үшін «жеделдету» ұраны жария етті. Ал бір жылдан соң «қайта құру» деген атауға ие болған саясатты жүргізуге кірісті. «Қайта құру» саясаты жарияланғаннан кейінгі 3-4 жыл ішінде КСРО көлемінде қордаланған барлық мәселелер 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өткен КСРО Халық депутаттарының I съезінде аузы ашылған жарадай толығымен көрініс берді. Съездің ашылған алғашқы сәтінен бастап-ақ оның жұмыс бағыты Кремль басшылығы ойлағандай болмады. Грузиядан сайланған бір депутат 1989 жылы сәуір айында Тбилиси қаласында болған қырғынның

оқиғасы туралы депутат М.Шаханов осы съезде сөйлегені есімізде.

Съезден кейін әлеуметтік-экономикалық ахуал одан әрі тереңдей түсті де, ол ішкі-сыртқы саяси жағдайға әсер етіп жатты. Ал оны тоқтатудың, дағдарыстан шығудың жолын Мәскеудегі Орталық билік таба алмады. Дәл осы кездегі КСРО жағдайын толқынды күні теңізде ескегінен айырылған қайықшыға теңесе болар еді. Алғаш рет осы тұста Балтық жағалауындағы республикаларда «тәуелсіздік», «егемендік» туралы ойлар ашық айтыла бастады. Литва, Латвия және Эстония өз егемендіктерін жариялап, өзге республикаларға үлгі көрсетіп, батыл қадамдар жасады.

Осы тұста Қазақстанда да дәл Орталықтағыдай, Батыс жағалауындағы елдердегідей, Украина мен Грузиядағыдай болмаса да, саяси өмір жандана бастаған еді. Ол қоғамдық өмірді айқындайтын күшке айналмаса да, оның айқын көрінісі бола білді. Демократиялық күштер мен жариялықтың ықпалымен 1988 жылы қараша айында алаш арыстары ақталып, одан кейін Желтоқсан оқиғасына қатысып сотталғандарға кешірім жасала бастады. 1990 жылы шілдеде еліміздегі барлық ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштердің бірігуімен «Азат» республикалық азаматтық қозғалысы дүниеге келіп, өз жұмысын белсеніп жүргізе бастады. Қозғалыстың атынан көрініп тұрғандай, оның мақсаты – елдің азаттығы, егемендігі, тәуелсіздігі болды.

Елдегі мұндай саяси демократиялық үдерістер мемлекеттік билікке де әсер ете бастады. 1990 жылы 25 наурызында республика Жоғары Кеңесінің кезекті XII шақырылымына сайлау болып, ол сәуір айында өз жұмысына кірісті. Бұған дейінгі Жоғары Кеңеске сайлаулар шексіз билікті иеленіп отырған Коммунистік партияның басқаруымен, қатаң бақылауымен жүргізіліп, әрбір депутаттыққа үміткер қатаң тексерістерден өткізілетін. Бұл жолғы сайлауда қоғамда болып жатқан демократиялық үдерістер ескеріліп, территориялық принципке сай сайлау округтерімен қатар қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық одақтар атынан 90 депутаттық мандатқа рұқсат берілді. Соның нәтижесінде халық қалаулылары 90 депутаттық мандатты бірнеше ондаған

елімізге белгілі, алдыңғы қатарлы заңгерлер, экономистер, қоғамтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары, шығармашылық одақтың жетекшілері, мүшелері сайланды. Барлық 360 депутаттың 7-уі ҚазКСР Ғылым Академиясының академиктері, 48-і ғылым докторлары мен кандидаттары, 23 адам КСРО мен ҚазКСР мемлекеттік сыйлығының иегерлері, 11 адам Кеңестер Одағының Батыры мен Социалистік Еңбек Ері атағын иеленгендер еді. Сайланған 7 академик сол тұстағы Қазақ елінің ұлы ғұламалары – Жабайхан Әбділдин, Өмірбек Жолдасбеков, Мұхтар Әлиев, Манаш Қозыбаев, Шахмардан Есенов, Айтмұхамед Абдуллин, Салық Зиманов болатын. Осы жерде мынадай жағдайды айта кетсем деймін. Университеттің бұрынғы ректоры академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбеков сайлауға түскен Бостандық ауданындағы (бұрынғы Калинин ауданы) сайлау округіне біздің университет пен басқа да жоғары оқу орындарының жатақханалары еніп, оларда тұратын студенттер сайлаушылардың басым бөлігі болатын. Сол кезде біздер, студенттер даусымызды академик Ө.А.Жолдасбековке бердік және академиктің сенімді бес өкілінің бірі – тарих факультетінің 5 курс студенті Мұрат Иманқұлов деген досымыз болды. Сайлау қорытындысы бойынша академик Ө.А.Жолдасбеков депутат болып сайланды.

Тәуелсіздік Декларациясын қабылдауда қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелерден және шығармашылық одақтардан сайланған депутаттар – тұлғалар ерекше рөл атқарды. Ұлттық құрам жағынан алғанда барлық 360 депутаттың 181-қазақ, 100-і орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. 12-шақырылған Жоғары Кеңес Төралқасының төрағасы болып мамандығы экономист Ерік Асанбаев сайланды. Бұл Жоғары Кеңес ел тарихында екі тарихи заңды қабылдауымен ерекшеленді. Алғашқы заңға – «Президент туралы» заң жатып, осы заңға сәйкес Жоғары Кеңес 1990 жылы 24 сәуірде Қаз КП ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевты Қазақ КСР-ның президенті етіп сайлады.

Екінші заң – «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация болды. 1990 жылдың көктемі мен күз айлары аралығында КСРО-ның саяси өмірінде ыдырау үдерісі өте

жоғары қарқынмен жүре бастады. Балтық елдерінің егемендігін басқа республикалар жалғастырып, егемендіктері туралы декларацияларын барлық республикалар жарыса жариялап жатты. 1990 жылдың қазан айына дейін тек Қазақстан мен Қырғызстан ғана әлі жариялай қойған жоқ еді.

Айтуға оңай болғанымен, бұл маңызды құжатты қабылдау депутаттар арасында үлкен идеялық, саяси күрес арқылы жүрді. Негізінен, егемендік туралы Декларацияның үш жобасы дайындалады. Біріншісі, Жоғары Кеңестегі «Демократиялық Қазақстан» деп аталатын қазағы бар, орысы бар, басқалары бар орыс тілді 30-дан астам мүшеден тұратын депутаттар тобы даярлайды. Олар Декларация жобасын қазан айының басында мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жібереді. Бұл жоба бойынша Қазақстанда көпұлтты этностар өмір сүріп жатқандықтан жаңа қоғамды құру ұлттық мемлекеттілік тұжырым негізінде емес, азаматтық қоғам ұстанымы негізінде болуы қажет, өйтпеген жағдайда, болашақта ол қоғамда келеңсіз жағдайларды көп туғызады делінеді. 1989 жылы қыркүйекте қабылданған қазақ тілі туралы заңның болуына қарамастан олар жасаған Декларация жобасында орыс тілі ресми мемлекеттік тіл болады деп жазды. Бұл жоба, әрине қазақ азаматтарының қатты қарсылығын туғызды.

Жоғары Кеңестің жұмыс тобы Декларацияның негізгі жобасын дайындап, талқылауға ұсынды. Қазан айының бірінші жартысы Декларация жобаларын талқылауға кетті десе болады. Сондай-ақ халық қалаулыларынан, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан көптеген ұсыныстар, толықтырулар, өзгерістер туралы пікірлер Жоғары Кеңеске түсіп жатты. Осылардың бәрін ескере келе, Жоғары Кеңес заңгер-академик, алдыңғы ойлы ұлтжанды азамат, депутат Салық Зиманов бастаған арнайы комиссия құрып, оған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отыра Декларацияның жаңа, толықтай нұсқасын, басқаша айтқанда үшінші нұсқасын жасауды тапсырады. Салық Зиманов бұған дейін академик Ж.Әбділдиннің басқаруымен алаш арыстарын ақтаған комиссия құрамында жұмыс істеген еді. Бір аптадан

Әсет БОЛАТОВ:

Ғылымға құштарлығымды айналама сездіргім келеді

Жас ғалым Әсет Болатов 1989 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Анасы дәрігер, әкесі теміржолшы болған бала оқушы кезінен химия өлеміне қызығушылық танытты. 2008 жылы қаладағы №26 орта мектепті үздік бітіріп, кейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері қатарына қосылды. Білім ордасының аудиторияларында оның химияға деген құштарлығы арта түсті.



2012 жылы Әсет Қуанышұлы көп қырлы ғылымда бакалавр дәрежесін алды. Ал 2014 жылы магистратураны бітіріп, химиялық реакциялар мен заттардың өлеміне тереңірек үңілді. 2017 жылы докторлық дәрежесінің табылдығында «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша PhD диссертациясын қорғады. Оның зерттеулері $KBaR(BO_3)_2$ қатарындағы күрделі борат кристалдарын қатты фазалық синтездеуге және өсіруге бағытталған. Мұндағы R – сирек жер элементінің катионы. Бұл оның ғылым жолындағы маңызды кезең болды.

Содан бері Әсет Қуанышұлы ағарту ісі мен ғылымға ден қойды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы ретінде білім мен білігін химиктердің жаңа буынымен қызыға бөлісті. 2012 жылдан бастап жас ғалым физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығының ғылыми қызметкері қызметін атқарып келеді.

2020 жылы Әсет Болатов ұлттық ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Білім және ғылым министрлігінің стипендиясымен марапатталды. 2021 жылы оған ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнының үздік оқытушысы сыйлығы берілді. 2022-2023 жылдары Әсет Қуанышұлы «Болашақ» бағдарламасы аясында Францияның Нанси қаласындағы Лотарингия университетінде постдокторант қызметін атқарды. Осы кезеңде Әсет Қуанышұлы графит тәрізді көміртек нитридіне g-CN негізделген қосылыстардың фотокаталитикалық қасиеттерін синтездеу, сипаттау және зерттеу, оларды реакциялардың фотокаталитизаторы ретінде пайдалану, соның ішінде суды ыдырату арқылы H_2 алу үшін зерттеулер жүргізді. Әйтсе де, Әсеттің өмірі зертхана мен аудиториялардың арасында өтпейді. Ол бос уақытында футбол, бадминтон және шаңғы спортымен шұғылданады. Өз өлемін аниме мен кітап арқылы толықтыруды ұнатады. Оның бұл хоббиі жаңа жетістіктерге шабыттандырады.

Екеуара әңгімеде Әсет Қуанышұлы: «Мен үшін химия тек ғылым емес, материяның тереңіне енетін сиқыр. Мұның бәрі, бәлкім, өткен ғасырда ядролық сынақ жасалған Семей қаласында дүниеге келгенімнен шығар. Бала кезімнен мені жұмбақ атомдар мен ядроның химиясы туралы әңгімелер қызықтырды», – дейді.

Химия жас ізденушіге қоршаған әлемнің қалай тіршілік ететінін түсінудің кілтін айналады. Ол элементтер өлеміне еніп, олардың қасиеттері мен өзара әрекеттесуін зерттеді. Кейбір заттарды басқасына айналдырып, жаңа және таңғажайып дүние жасауға болатынына

таң қалды. Оған атом ядросы мен химиясы ерекше тартымды болды. Сөйтіп, химияда, атомның ішінде өзара әрекеттесу қалай жүретіні, оны қандай күштер сақтайтыны туралы сұрақтарына жауап тапты.

Осылайша, оның Семей қаласының тарихымен, шежіресімен байланысы химияға деген құштарлығының оянып, қалыптасуына ықпал етті.

«Болашақта өз өмірімді материалдардың қасиеттері мен құрылымын зерттеуге арнаған материалтанушы ретінде елестетемін. Соңғы кезде фотокаталитиз және суды ыдырату арқылы сутек газын алудың тиімді әдістерін жасауды зерттеп жүрмін. Өзім молекулалық деңгейде болып жатқан процестерге қатты қызығамын. Ғылыми зерттеуім фотокаталитикалық қасиеттері жақсартылған жаңа материалдарды жасауға арналған. Менің ойымша, бұл технология жаңартылатын энергия көзі ретінде сутек өндірісін айтарлықтай жақсарты алады», – дейді жас ғалым Әсет Қуанышұлы.

Жас химик-ғалымның жұмысы үнемі шығармашылық пен жаңа идеяларға ашықтықты қажет етеді. Сол үшін халықаралық ынтымақтастыққа, тәжірибе бөлісуге тура келеді. Алайда, ғылыми аспектілерден басқа, оның миссиясы жас ізденушілерді оқыту, оларды демеу, қалаберді шабыттандыруға бағыттау. «Мен білім алушыларға ғылымға деген құштарлығымды жеткізіп, ғылыми қоғамдастықтың бір бөлігі болу қаншалықты маңызды әрі қызықты екенін көрсеткім келеді», – деген ойымен бөлісті Әсет Болатов. Ол өзін материалтану және фотокаталитиз саласындағы зерттеулері сутек алудың таза және тиімді технологияларын дамытуға үлес қосатын ғалым ретінде көреді. Бұл біздің әлемді орнықты әрі экологиялық тұрғыда таза етуге көмек береді.

«Мен қазіргі жастардың ғылымға, оның ішінде химия саласына деген қызығушылығын жоғары бағалаймын. Жастар ғылыми зерттеулерге белсенді қызығушылық танытып, әртүрлі салаларда, соның ішінде химияда білімдерін тереңдетуге ұмтылады. Бұл ғылым мен инновацияның болашақ дамуы үшін өте үмітті тренд. Менің ойымша, заманауи ғалым ең алдымен әмбебап ойшыл және шығармашылық зерттеуші болуы керек. Оның көзқарасы кең, күрделі мәселелерді шешу үшін әр түрлі саладағы білімді талдай және байланыстыра білуі керек. Ойлаудың икемділігі және тез өзгеретін ғылыми парадигмаларға бейімделу қабілеті де өте маңызды», – дейді ол.

Қазіргі ғалым коммуникативті және

ынтымақтастыққа ашық болғаны абзал. Өз саласындағы әріптестермен ғана емес, сондай-ақ басқа пәндердің өкілдерімен де пірлесе білу маңызды. Бұл жаңа идеялар мен перспективалы ғылыми бағыттардың пайда болуына ықпал етеді.

Деректерді талдаудың заманауи технологиялары мен әдістерін қолдану қазіргі заманғы ғалымның кәсібилігінің ажырамас бөлігі болып саналады. Жаңа технологиялардың пайда болуымен ғылыми зерттеулердегі мүмкіндіктердің шегі кеңейіп, ғалымдарымыз оларды пайдалануға дайын болуға тиіс. Сонымен, қазіргі заманғы ғалым жауапты және этикалық маман болуы керек. Бұл зерттеудегі адалдықты, этика мен стандарттарды сақтауды және зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді қамтиды. Жалпы, қазіргі заманғы ғалым – бұл тез өзгеретін әлем жағдайында білімді шығармашылық ізденуге және өзекті ғылыми міндеттерді шешуге дайын, мол зияткерлік жүгі бар адам екенін білеміз.

Одан әрі өз әңгімесінде Әсет Қуанышұлы мынадай ойын ортаға салды: «Дамушы елдер, оның ішінде Қазақстан бірінші кезекте білім беру мен ғылыми зерттеулерге инвестиция салуы қажет. Бұған білім беру инфрақұрылымын жақсарту, оқу орындарын жаңарту, дарынды студенттер мен зерттеушілерді қолдау кіреді. Жас ғалымдарды шетелден мүмкіндік іздемей-ақ өз Отанында ғылыммен айналысуға ынталандыру өте маңызды. Бұған түрлі грант, шәкірт-ақы, сондай-ақ перспективалы ғылыми орталықтар мен зертханалар құру арқылы қол жеткізуге болады. Бұдан өзге, ғылыми мекемелер мен өндірістік кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты дамыту қажет. Мұндай серіктестіктер технологияларды тасымалдауға, инновацияларды дамытуға және жоғары технологиялық өндірістерді құруға ықпал ете алады. Сонымен бірге, ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа да назар аударған жөн. Бұл басқа елдермен білім, тәжірибе және технологиялар алмасуға мүмкіндік береді әрі ғылыми прогресті едәуір жеделдетеді алады. Тұтастай алғанда, дамушы елдерде ғылымды дамыту үшін оқыту мен зерттеулер үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ жас ғалымдарды қолдау және елдің ғылыми-техникалық өлеуетін дамыту қажет».

Қуантарлығы, елімізде соңғы жылдары ғылым мен білімнің дамуына көбірек көңіл бөлінуде. Ел билігі университеттер мен ғылыми орталықтардың инфрақұрылымын жақсартуға, сондай-ақ ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге күш салуда. Бұл қадамдар Қазақстанда ғылыми саланы дамыту және талантты зерттеушілер мен студенттерді тарту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Қазақстанда жас ғалымдарды қолдауға көңіл бөлінуде. Ғылыми гранттарды қаржыландыруды ұлғайту арқылы жас зерттеушілерге өз жобаларын іске асыруға және еліміздің ғылыми саласының дамуына үлес қосуға қосымша мүмкіндіктер беріледі. Мұндай қадам олардың белсенділігі мен кәсіби өсуін ынталандыруға ықпалды. Бұл өз кезегінде Қазақстандағы ғылымның жалпы даму деңгейіне жағымды әсер ететіні анық.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Өткен жылы Ұлттық Құрылтайдың бірінші отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Сөйтіп, бұл ұсыныс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына енді. «Республика күні еліміздің мемлекетке деген батыл қадамының нышаны болуы тиіс. Әрине, Тәуелсіздік күні басты ұлттық мереке болып қала береді. Бұл күні тәуелсіздікке қол жеткізуге зор үлес қосқан ұлттық қаһармандарымыз құрметтелуі керек», – деген еді Мемлекет басшысы.

Лауықты аман өтуге тиіс Ұлық мереке



Бәріміз білетіндей, 1990 жылдың қазан айының 25-і күні Қазақ Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның Тәуелсіздігіне жол ашқан маңызды құжат-тын. Сол сәттен бастап Қазақстанымыз жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстан тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Декларацияның қабылдануымен елдің егемендігін мәлім ететін өз территориясы, мемлекеттік рәміздері, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардың дербестігі бекітілді. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы – қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысын қалыптастыру және нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекіді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектенді. Осы акт арқылы ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздігі мен ішкі істер органдарын, сот билігін құру құқығына ие болды. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Қазір бұл күн мемлекеттік деңгейде атап өтіліп, ұлттық мереке ретінде тойланады.

Республика күнінің өз мән-мазмұнында қайта атап өтілуі – ортақ қуаныш. Бұл жөнінде көпшіліктің ой-толғамы ерекше. Ал ұлық мерекені атап өту деңгейі оның маңызын аша түсерлік дәрежеде болуы тиіс деп ойлаймын. Өйткені ұлттық мереке кезінде Қазақстан халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталады. Қазақ халқы басынан өткерген қаншама қиындықтарға қарамастан, басты құндылығымыз – тілін, ділін, дәстүрін сақтай алып, заманауи жаңа Қазақстанның іргетасы қаланып жатқаны елін сүйетін әрбір азамат үшін айрықша мерей деп ойлаймын.

Джанату АҚБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы

Ғылымның сардары

Ғұмырының 75 жылдық асу-белесінен асып жатқан, химия ғылымдарының докторы, профессор Әбілов Жарылқасын Әбдухитұлының бойынан ұстазға тән қасиеттердің бәрін табуға болады.



Жарылқасын Әбдухитұлы 1971 жылы ҚазМУ-дың химия факультетін тамамдап, сол жылы физикалық химия кафедрасында еңбек жолын бастады. 1974 жылы ол кезде жаңадан ашылып жатқан коллоидтық химия кафедрасының жас меңгерушісі Қ.Мұсабековтың шақыруымен ассистент қызметіне тағайындалды. Профессор Қ.Мұсабековтың жетекшілігімен Ж.Әбілов синтетикалық поли-электролиттер (СПЭ) мен кіші молекулалы беттік-активті заттардың (БАЗ) комплекс түзуі бойынша зерттеулер жүргізді.

1996 жылдан бастап профессор Ж.Әбіловтың ғылыми қызметі химияның өзекті саласы – Қазақстанның жабайы өсетін шикізаты негізінде биологиялық белсенді заттарды, олардың негізінде фитопрепараттарды жасаумен байланысты болды. 20 жылдан астам уақыт бойына Ж.Әбілов синтетикалық және табиғи сорбенттерге дәрілік препараттарды иммобилизациялау бойынша қарқынды зерттеулер жүргізуде. Бірлескен авторлықта клиникалық сынақтардан сәтті өткен, патенттелген, ҚР-да тіркелген және ҚР ДСМ түрлі дәрілік формалар түрінде өнеркәсіптік шығаруға ұсынған қазақстандық өсімдіктерден ісікке қарсы, бактерицидтік, жараны емдейтін, вирусқа қарсы және қабынуға қарсы әсері бар «Алхин», «Лимонидин», «Биосед-К» жаңа бірегей отандық препараттар жасалды. Осындай еңбегі үшін 2008 жылы ол қызметкерлерімен ҚР Ғылымдар одағының «Ғылым сардары» сыйлығына ие болды. Бұл бағыт Ж.Әбіловтың басшылығымен халықаралық және республикалық жобалар шеңберінде, оның ішінде «Plants» (The State University of New Jersey, Rutgers, New Jersey, USA),

«Studies on the biologically active metabolites from medicinal plants of Pakistan and Kazakhstan», ҚР БҒМ мен Пәкістан ғылым және жаңа технологиялар министрлігі арасында жасалған келісім шеңберінде (2000-2012 жж.), Ислам даму банкі қаржыландыратын «Developing the Capacities of Al-Farabi Kazakh National University (KazNU), Kazakhstan in Phytochemical Development» (2015-2018 жж.) жоба шеңберінде дамыды.

2000-2009 жылдар аралығында Ж.Әбілов химия факультетінің деканы болып қызмет атқарды. Химия факультетінің деканы бола жүріп Жарылқасын Әбдухитұлы өзін оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстың шебер ұйымдастырушысы ретінде көп сатылы білім беру жүйесінің (бакалавриат, магистратура, PhD) қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Факультетте бакалавриат пен магистратура бойынша 15-тен астам мемлекеттік стандарт жасалды. 2005 жылы химия факультетінде профессор Ж.Әбіловтың жетекшілігімен тұңғыш рет, университеттің басқа факультеттеріндегі сияқты, пилоттық тәжірибе шеңберінде жоғары оқу орнынан кейін жоғары білікті мамандар – философия докторларын (PhD) дайындаудың жаңа бағдарламасын іске асыру жұмысы басталды. Сонымен қатар, декандық қызметін атқара отырып, Химия факультетінің Ғы-

лыми кеңесінің төрағасы ретінде көптеген маңызды мәселелерді шешуге ат салысты.

2017 жылы профессор Жарылқасын Әбдухитұлы «ЖОО Үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері атағын иенденді. 2019 жылы JCCBS Оңтүстік елдерінің тұрақты дамуына арналған Ғылым және техника жөніндегі комиссияның (COMSATS) қолдауымен ҚазҰУ Инновациялық зерттеулердің бірлескен ғылыми зертхана-орталығы ашылды.

2012 жылы кафедра қызметкерлерімен бірге профессор-ұстаз 2013-2015 жылдар аралығындағы аға ғылыми қызметкерлер тобы (АҒҚТ) гранттық бағдарламасы бойынша «Қазақстанның өсімдік шикізаты негізінде фитопрепараттардың жаңа гидрогельді емдік формаларды жасау өндірісін құру» атты халықаралық грантты ұтып алды.

Ғылыми зерттеулер бойынша Ж.Әбілов қызметкерлермен бірге 700-ден астам ғылыми мақалалар мен халықаралық конференциялардың тезистерін, оның ішінде 71 мақала Web of Science/Scopus журналдарында, 8 монография, 3 оқулық, 21 оқу-әдістемелік құрал жариялады. 82 патент, алдын ала патент, өнертабыс авторлық куәліктер, 16 ҚР фармакопоялық мақалаларын, әртүрлі препараттар мен олардың негізіндегі дәрілік формаларды өндіру 10 тәжірибе-өнеркәсіптік алды. Scopus базасы бойынша Хирш индексі 10.

Жарылқасын Әбдухитұлы – алғыр, шешен, өнер-білімге құштар, ғалым, көркем мінезді, әділ, ұтқыр ұйымдастырушы, кәсіби шебер, білгір де, тәжірибелі маман.

Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының ұжымы сізге ұзақ ғұмыр тілейді.

Шынар ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Әсел ТОҚТАБАЕВА,
Органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының профессоры, доценті

ҚазҰУ ғалымдары еліміздің энергия жүйесінің қауіпсіз жұмыс істеуінің алдын алу бойынша зерттеу жүргізуде. Ғалымдар «Гранит» арнаулы конструкторлық-технологиялық бюро ЖШС мамандарымен бірлесіп теллуриялық тоқты тіркеуге арналған құрал жасайды.

Теллуриялық тоқты тіркеу құралы



ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің ғалымдары электрмен қамту саласындағы ысырап пен ірі апаттық жағдайлардың алдын алу негізінде зерттеу жұмысын жүргізуде. Жоба «Геомагнитті индукцияланған тоқтардың магистральдық электр таратушы желілері мен мұнай-газ құбырларына әсер етуін бағалау критерилерін әзірлеу» деп аталады.

Ғылыми жобаның әлемде бар аналогтарынан ерекшелігі – зерттеудің тұңғыш рет Азия мен Еуропаны байланыстыратын транзитті теміржолдар, ұзаққа созылған мұнай құбырлары бар және алысқа таралған магистральдық электр желілері орналас-

ңызды салалардың белсенді дамуына аса қажет. Жобаға физика-математика ғылымдарының кандидаты Сәуле Мұқашева жетекшілік етеді. Ғалымның айтуынша, жобаның келешегі зор. Оны енгізу кезінде мамандар геомагниттік индукцияланған тоқтардың пайда болу жиілігі мен қарқындылығын есепке алады. Бұл мемлекеттің энергетикалық желісінің апатсыз жұмыс істеуінің 15-20% тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жоба бойынша ғалымдар рейтингтік, рецензияланатын басылымдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында 20 ғылыми жұмыс жариялады: 4 (Scopus); 4 (РИНЦ);



қан аумақта жүргізілуінде. Осылайша, ҚазҰУ физиктері Қазақстан аумағындағы ғарыш факторынан туындайтын жерүсті өткізгіш желілеріндегі (электр желілері, құбырлар) кері әсер етуші электромагниттік эффектілерді зерттеп жатыр. Геомагнитті индукцияланған тоқ мәндері геомагнитті өріс параметрлерін және теллуриялық тоқты өлшеу арқылы және жер өткізгіштігі мен ионосфералық тоқ модельдерінің көмегімен анықталады.

Бұл жоба техносфералық қауіпсіздік (сонымен қатар экологиялық көріністе де) түйткілдерін шешуге бағытталған. Жаңа әзірлеменің көмегі арқылы мемлекеттің энергетикалық жүйесінің қауіпсіз жұмыс істеуіне жол ашады. Ол өз кезегінде Қазақстан экономикасының, соның ішінде энергетика, мұнай-газ, транспорттық логистика секілді стратегиялық ма-

5 (КОКСНВО); 7 (халықаралық конференциялардың материалдарында).

Ғылыми зерттеу 2023 жылдың соңына дейін жалғасады және жобаны іске асыру барысында теллуриялық тоқтарды тіркейтін құрылғының үлгісі «Гранит» арнаулы конструкторлық-технологиялық бюро ЖШС базасында жасалды.

Теллуриялық тоқтарды тіркейтін құрылғы үлгісінің жасалуы жобаның нәтижелерін болашақта коммерциализациялауға жол ашады. Айта кету керек, мұндай құрылғының тікелей аналогы нарықта жоқ. Жобаны әзірлеуші ғалымдар өнертабысқа патент алды және оның потенциалды тұтынушылары электр желілерін басқару жөніндегі жергілікті «KEG-OS» пен «Азиатский газопровод» компаниялары.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Дарынды жастар ел болашағы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында БҰҰ қабылдаған тұрақты дамудың 3-мақсаты – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» аясында университеттің 90 жылдық мерейтойына орай заң факультеті тарту ретінде студенттерге сыйлаған спорт алаңын ашу «БВ04205-Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Бекнар Төлегенге бұйырды.



Бекнар Анарбекұлы мектеп қабырғасынан бастап өз бастамасын XVIII ғасырдан Жапон мемлекетінен алатын каратэ-до жекпе-жек түрімен шұғылданып келеді.

Қажырлы еңбегі мен болаттай

тәртіптің арқасында Бекнар 2019 жылы 6 қазанда Мәскеу қаласында Дүниежүзілік Шотокан Федерациясының ұйымдастыруымен өткен Әлем Кубогының 1-орын

иегері атанды. Көп ұзамай, 2021 жылдың 4-9 қараша аралығында, Түркия қаласында каратэ-шотоканнан өткен Әлем чемпионатындағы дүбірлі додада дарынды спортшы 61 келі салмақта өнер көрсетіп, өз қарсыластарын басып озып, алтын медальді жеңіп алды.

Қазіргі уақытта Бекнар Халықаралық жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері, 3 дүркін Қазақстан чемпионы, Әлемдік рейтинг жарыстарының қатысушысы және де заң факультетінің дарынды студенттерінің қатарын толтырушы талабы таудай жастардың бірі.

Марал АҚБОЛАНОВА,
Рысбек ТҰРЫСБЕК,
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушылары

Казахстан отмечает День Республики

Эта дата была в забвении в течении многих лет. Указом главы государства она вновь включена в календарь как национальный праздник.

Дата 25 октября была выбрана не случайно: именно в этот день в 1990 году была принята Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. Это был первый шаг страны на пути к независимости. В качестве основополагающих принципов суверенной государственности были установлены унитарное государство, целостность, неделимость и неприкосновенность территории. Казахстан заявил о своем праве на возрождение и развитие самобытной культуры, традиций, языка казахского и других на-

родов страны, укрепление национальной самобытности. Был провозглашен принцип самостоятельного решения политических, экономических и социальных проблем.

КазССР получила право на создание собственных внутренних войск, органов государственной безопасности и внутренних дел. А руководителем страны стал президент. Благодаря этой декларации Казахстан смог приостановить действие советских законов и начать создавать свои собственные.

Впервые День Республики был объявлен национальным праздником в октябре 1995 года. Спустя шесть лет потерял статус национального праздника и был перенесен в разряд государственных. В 2009 году был подписан закон, согласно которому в стране было отменено празднование Дня Рес-



публики, и 25 октября стало рабочим днем.

Вновь отмечать этот праздник предложил Касым-Жомарт Токаев на первом засе-

дании Национального курултая в июне 2022 г. Президент отметил, что День Республики должен праздноваться как национальный праздник. А День

независимости предложил отмечать как день памяти национальных героев и внести в перечень государственных праздников. В сентябре 2022 г. года парламент принял соответствующие поправки в закон. Теперь 25 октября установлен Днем Республики.

Возрождение Дня Республики – это очень важный исторический шаг. Этот памятный день станет праздником, который продемонстрирует взаимопонимание наших граждан, стремление всего нашего народа к свободной жизни и самостоятельности. Судьба нашего суверенного государства находится в руках каждого гражданина.

Сабира КОШКИМБАЕВА,
ассоц. проф.
кафедры эпидемиологии,
биостатистики
и доказательной медицины

• SELI ÝSTOICHIVOGO RAZVITIA

В условиях изменяющихся демографических изменений, экономических условий, эпидемии и других кризисных ситуациях решающим фактором является устойчивость национальных систем здравоохранения, способность системы продолжать функционировать и удовлетворять потребности населения.

Устойчивость национальной системы здравоохранения требует сбалансированного и комплексного подхода, включающего меры по обеспечению доступности, финансированию, качеству и безопасности, эффективному управлению рисками и кризисами, а также постоянному улучшению и инновациям.

Для эффективного управления текущими будущими вызовами в охране здоровья необходима сбалансированность следующих факторов:

1. Доступность медицинской помощи для всех граждан, независимо от их социального статуса, финансового положения или местоположения.

2. Финансовая устойчивость системы здравоохранения, чтобы обеспечить достаточное финансирование для предоставления качественной медицинской помощи в долгосрочной перспективе.

3. Гарантированное высокое качество и безопасность медицинской помощи, основанная на научных доказательствах и научных стандартах.

4. Правильное использование имеющихся ресурсов, включая человеческие, финансовые и инфраструктурные.

5. Устойчивая система здравоохранения должна быть готова к управлению различными рисками и кризисами, такими как эпидемии, природные бедствия или экономические кризисы.

6. Непрерывное улучшение

Качество и безопасность медицинской помощи

и внедрение новых инновационных решений, чтобы соответствовать меняющимся потребностям и ожиданиям пациентов.

По определению ВОЗ, устойчивое здравоохранение – это стремление достичь социальной справедливости, эффективности и экономической устойчивости системы здравоохранения. В этом аспекте качество и безопасность напрямую влияют на общую эффективность здравоохранения и на результаты лечения пациентов.

Качество медицинской помощи опирается на достижение определенных стандартов, основанных на лучших научных доказательствах и опыте медицинской практики. Когда речь идет о качестве медицинской помощи, то оно включает в себя такие аспекты, как точность диагностики, эффективное лечение, предоставление информированных и согласованных решений пациентам, эмпатия и понимание со стороны медицинского персонала, доступность и непрерывность поставки здравоохранения.

Безопасность медицинской помощи также крайне важна для устойчивого здравоохранения. Здесь подразумевается не только защита пациентов от ошибок, нежелательных событий и инфекций, но и защита персонала от потенциальной опасности. Это включает такие аспекты, как правильное использование медицинского оборудования и лекарств, строгое следование стандартам по инфекционному контролю, обучение персонала и системы мониторинга для выявления и предотвращения потенциальных проблем. Обеспечение безопасности медицинской помощи – это сложный и многоаспектный процесс.

В Казахстане во всех медицинских учреждениях внедрены электронные медицинские



записи, что позволяет улучшить доступность, точность и стандартизацию информации о пациентах. В учреждениях, прошедших международную и национальную аккредитацию проводится мониторинг и регистрация нежелательных событий, анализ которых может помочь выявить и предотвратить потенциальные проблемы. Для повышения безопасности оказания медицинской помощи важна роль отводится вовлечению самих пациентов для активного участия в процессе принятия решений с учетом их прав и предпочтений. Пациенты должны быть информированы о своих правах, рисках и выгодах различных лечебных методов, а также должны быть поддержаны для принятия обоснованных решений вместе с медицинским персоналом.

Одним из главных направлений, определяемых ВОЗ по снижению рисков нежелательных событий является стандартизация всех процессов, с разработкой и применением стандартов и протоколов практики, использованием чек-листов, процедур безопасности и соблюдение правил гигиены. Культура безопасности – термин, который не так давно вошел в медицинскую практику. Создание культуры безопасности, включающей открытую коммуникацию,

доверие и поддержку, является фундаментом безопасной медицинской практики. Она должна быть внедрена как на уровне руководства, так и во всех уровнях системы здравоохранения. Создание культуры безопасности требует непрерывного обучения и обмена знаниями. Регулярное обучение медицинского персонала о безопасности, новых процедурах, инструментах и протоколах является ключевым фактором для повышения культуры безопасности. Необходимо проводить регулярный мониторинг показателей безопасности и нежелательных событий. Обмен опытом и обратная связь помогают выявить потенциальные проблемы и принять необходимые меры для предотвращения повторения таких случаев. Этому будут способствовать создание атмосферы, где персонал чувствует себя комфортно, может высказывать свои обращения и отчеты о небезопасных условиях или поведении, а также задавать вопросы и давать обратную связь. Важно создавать доверительные отношения, чтобы все члены команды могли сотрудничать в решении проблем.

Руководство играет важную роль в создании и поддержании культуры безопасности в организации. Лидеры должны ставить безопасность в приори-

тет, подтверждать важность открытой коммуникации, обучения и непрерывного улучшения, а также поддерживать сотрудников в их стремлениях к безопасной практике. Культура безопасности является неотъемлемым компонентом обеспечения безопасности медицинской помощи. Она должна быть внедрена на всех уровнях – начиная с руководства и до каждого сотрудника – и стать неотъемлемой частью организационной культуры. Только так можно достичь высокого уровня безопасности и защитить пациентов и медицинский персонал от нежелательных событий и ошибок.

Некарательная политика руководства – это подход, при котором руководство ориентируется на предупреждение ошибок, а не на наказание и виновных. В рамках такого подхода, акцент делается на обучении, поддержке и создании безопасной среды, так что каждый член команды может рассказать о проблемах без страха наказания. Только обеспечивая высокое качество и безопасность медицинской помощи, система здравоохранения может быть устойчивой, то есть способной продолжать свою работу на долгосрочной основе, удовлетворяя потребности пациентов, минимизируя нежелательные события и оптимизируя затраты на здравоохранение. Поэтому, улучшение и обеспечение качества и безопасности являются ключевыми задачами каждой системы здравоохранения, стремящейся быть устойчивой.

Международная статистика по качеству и безопасности медицинской помощи является важным инструментом для анализа и сравнения систем здравоохранения разных стран.

Гульнур ТАНБАЕВА
кафедра Политики и
организации
здравоохранения

Кәсіподақ ұжым игілігіне қызмет етеді

ҚазҰУ Кәсіподақтар күнін атап өтті. Атаулы күн азаматтық қоғамдағы кәсіподақтардың рөлін нығайтуға және дамытуға ықпал ететін мереке.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев пен «Білім беру мекемелері мен ғылыми-инновациялық ұйымдардың білім алушылары мен қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағының» төрағасы Данат Жанатаев жиналған қауымды мерекелерімен құттықтады.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы өлеуметтік мәселелерге көмек көрсетуді өзінің басты міндеті санайды. Жазда қызметкерлердің көпшілігі санаторийлерде денсаулығын жақсартып, балалар мектеп лагерлеріне жіберілді.

Шілде және тамыз айларында санаторий – курорттық емдеу және қызметкерлерді сауықтыру



үшін 1 136 000 теңге, ал қыркүйекте – 1 400 000 теңге өтемақы берілді. Балалар лагерлері үшін өтемақы 1 649 000 теңгені құрады. Ыстықкөлде демалуға кәсіподақ 1 500 000 теңгеден астам қаражат бөлді. Мерейтойлар да аталып, жазда және күздің басында 40-тан астам адам құттықталды. Кәсіподақ өз мүшелері туыстарының науқастануы немесе қайтыс болуы сынды өмірлік қиын жағдайларды да естен шығармайды. Материалдық көмек ретінде оларға 1 000 000 теңге бөлінді. Университет қызметкерлерін, әсіресе

жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. «Ұстаздар күні», «Қарттар күні» сынды мереке күндері де қаржылай қолдау көрсетілді.

ҚазҰУ-да оқитын қызметкерлердің балалары оқу ақысына шартта көрсетілген соманың 15-25% мөлшерінде жеңілдіктер алды. Жеңілдіктер беру туралы мәселе Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Директорлар кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 8 маусымда тиісті шешім қабылданды.

Кәсіподақ белсенділері жаңа жоспарлар мен идеяларға толы және ұжымның игілігі үшін жұмыс істеуге әрқашан дайын.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ қызметкерлерінің
«Парасат» кәсіподағы
Төрағасының
орынбасары



Қызылша – жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері: қызу көтеріліп, теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады. Ауру тек науқас адамнан жұғады.

Қызылша жасырын кезеңінде 9-11 жалпы 15-21 күнге созылуы мүмкін. Алғашқы белгілері: қызу көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ашы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл таңдайда теңбіл бөртпелер пайда болады.

Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі бірінші күні бөртпе бетте, мойында, екінші күні бөртпелер денеде, қол, сан

Қызылшадан сақтанудың жолы қандай?

терілерінде, үшінші күні балтыр, аяқтарда шығады. Бөртпелер көлемі 2мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршықтар қалады. Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, таңертең кірпіктерін ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсынуы тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін. Қызылша асқынғанында ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.



Аурудың алдын алу шаралары; үй жайларын жиі желдету және ылғалды тазалау, науқастарды ерте, дер кезінде анықтау (балалар, жүкті әйелдер) және егу жұмыстарын жүргізу. Қызылша ауруын алдын алу үшін уақытылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен

ауырған науқас болғанда қарым-қатынасты шектеу қажет.

2009 жылдың 30 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша, егу күн тізбегінде 1 және 6 жасқа толған балаларды қызамыққа, қызылшаға қарсы егу жүргізіледі. 30 жасқа дейінгі еліміздің барлық тұрғындары қызамыққа, қызылшаға қарсы вакцина алуға болады.

2023 жылы қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы 1 және 6 жасқа толатын негізгі топтағы 9969 баланың, қазіргі уақытта 7004-ы жоспарлы екіпесін және 1096 қосымша екіпесін және 1096 қосымша екіпесін және 1096 қосымша екіпесін қарсына қарамастан, Алматы қаласында бүгінде қызылша ауруының тіркелуі өршуде.

Егер Алматы қаласының аудандары бойынша бөліністе қарайтын болсақ, Бостандық ауданында 2023 жылдың 9 айында 565 жағдай тіркелген. Науқастардың негізгі бөлігі вакцинацияланбаған балалар. Ауру көзі болып әр түрлі аймақтардан келіп жатқан егуден қалыс қалып жатқандар (егілуден бас тартқандар, дер кезінде аймақтық емханаға тіркелмегендер, шетелдіктер).

Қызылша жұқпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан. Сондықтан қызылша жұқпасының белгілерін, тұрғындарға жеткізіп, санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізудің маңызы зор.

Меруерт ЖАНСЕЙТОВА,
Бостандық ауданы
Санитариялық-эпидемиялық
қадағалау және бақылау
бөлімінің басшысы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы М.Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі, э.ғ.д., профессор. Жанат Ділбархановамен кездесу ұйымдас-тырды.

ми-зерттеу және білім беру қызметін жетілдіру проблемаларына арналған.

Ж.Ділбарханова кездесуде өлемдегі және Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарындағы әйел-

Әлем мойындаған әйел полицейлер

Жанат Рахымжанқызы әлемнің танымал полиция әйелдерінің қатарына кіріп және еліміздің атынан Жаңа Зеландияда өткен «IWPC» халықаралық конференциясына қатысты. Жыл сайынғы «IWPC» оқу конференциясына әлемнің 75 елінен 800-ден астам әйел полиция қызметкері қатысты. Конференция әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту, гендерлік теңдік және олардың халықаралық көшбасшылығы туралы болды.

Гендерлік теңдікті іске асыру БҰҰДБ-ның негізгі міндеттемесі болып табылады. Ұйым әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мен гендерлік теңдіктің әрбір әйел мен қыз толық гендерлік теңдікті пайдаланып, оларды кеңейту жолындағы барлық заңи, өлеуметтік және экономикалық кедергілер жойылған адам құқықтары мен адам тұлғасының қадір-қасиетін жаппай құрметтеу әлемін құруды көздейді.

Жанат ханым өз еңбек жолын ҚР МСК Алматы жоғары мектебінің сот сараптамасы кафедра-



сының оқытушысы ретінде бастаған. ҚР ІІМ Алматы жоғары мектебінің қылмыстарды ашу және тергеуді сараптамалық-техникалық қамтамасыз ету кафедрасының әртүрлі басшылық лауазымдарында қызмет атқарған. Бүгінгі таңда криминалистикалық зерттеулер мен сараптамалардың 8 түрін өндіру құқығына куәліктері бар.

Сонымен қатар Жанат Рахымжанқызы 150-ден астам ғылыми еңбек пен монографиялардың, оқу-әдістемелік және оқу-практикалық құралдардың авторы. Оның еңбектері сот-сараптама қызметіне, қылмыстық сот ісін жүргізуге, құқық қорғау қызметіне, ғылы-

дердің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен ерекшеліктері туралы айтып берді. Полковник өзінің және басқа да әйел полиция қызметкерлерінің тәжірибесімен, басынан өткен қызықты оқиғаларымен, сондай-ақ «Полициядағы әйелдер» атты 60-шы халықаралық конференциясына сәтті қатысқаны туралы мәліметтермен бөлісті.

Іс-шара БҰҰ ТДМ №5 – Гендерлік теңдік саясатын іске асыру шеңберінде өтті.

Қымбат ТАҒАЙБЕК,
Ақерке ЖАҚЫШ
Қылмыстық құқық,
қылмыстық іс-жүргізу
және криминалистика
кафедарысының
докторанттары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.